e-mail: kostanaytany@mail.ru www.kostanaytany.kz

Қостанай таңы

Облыстық газет 1922 ж. 25 маусымнан шыға бастады

23 қараша 2018 ж. жұма № 137 (18785)

Нұрсұлтан Назарбаев:

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ

Кеңістік – барлық нәрсенің, ал уақыт – бүкіл оқиғаның өлшемі. Уақыт пен кеңістіктің көкжиегі тоғысқан кезде ұлт тарихы басталады. Бұл – жай ғана әдемі афоризм емес.

Шын мәнінде, немістердің, италиялықтардың немесе үнді халықтарының жылнамасына көз жүгіртсек, олардың мыңдаған жылды қамтитын төл тарихындағы ұлы жетістіктерінің дені осы елдер қазір мекен етіп жатқан аумақтарға қатыстылығы жөнінде сұрақ туындайтыны орынды. Әрине, ежелгі Рим деген қазіргі Италия емес, бірақ италиялықтар өздерінің тарихи тамырымен мақтана алады. Бұл – орынды мақтаныш. Сол сияқты, ежелгі готтар мен бүгінгі немістер де бір халық емес, бірақ олар да Германияның мол тарихи мұрасының бір бөлшегі. Полиэтникалық бай мәдениеті бар ежелгі Үндістан мен бүгінгі үнді халқын тарих толқынында үздіксіз дамып келе жатқан бірегей өркениет ретінде қарастыруға болады.

Бұл – тарихқа деген дұрыс ұстаным. Сол арқылы түп-тамырымызды білуге, ұлттық тарихымызға терең үңіліп, оның күрмеулі түйінін шешуге мүмкіндік туады.

Қазақстан тарихы да жеке жұрнақтарымен емес, тұтастай қалпында қазіргі заманауи ғылым тұрғысынан қарағанда түсінікті болуға тиіс. Оған қажетті дәйектеріміз де жеткілікті.

3-бет

Баспасөз – 2019

"Қостанай таңы" – сенің газетің

2019 жылға жазылу жүріп жатыр

Газет аптасына үш рет: сейсенбі, сәрсенбі, жұма күндері шығады.

"Қостанай таңы" газетіне жазылу бағасы:

– кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін:

1 жылға – 6800 теңге

6 айға – 3400 теңге.

– жеке оқырмандарға:

1 жылға – 5000 теңге

6 айға – 2500 теңге.

– Ұлы Отан соғысы ардагерлері үшін:

1 жылға – 4800 теңге

6 айға – 2400 теңге.

"Қостанай таңы" газетіне "Қазпошта" бөлімшелерінде және аймақтық "Костанайские новости" газеті редакциясының баспасөз тарату қызметінде жазыла аласыз.

БАС РЕДАКТОР ӘЛЕМІ

Жанұзақ АЯЗБЕКОВ

Ойға қанат бітіреді

Қазақы қаныңды бүлк еткізіп, тұла бойыңды ерекше бір сезімге бөлейтін сәттер болады. Оны көбіне өз ұлтыңның, өзіңнің ділің мен діниіне, діниіне, тиліне қатысты жағдайда сезінесің. Елбасының «Ұлы Даланың жеті қыры» көзге оттай басылады екен. Өйткені, кіндік қаның ұлы далада тамған соң, өскен-өнген топырағыңның қай қыры болса да етене жақын, болмысыңмен біте қайнасқан.

Сол оттай басылғанның бірі – «Атқа міну мәдениеті». Көптен бері осы бір көңілді күпті еткен тақырыпқа лайықты баға да, мән де берілмей, айтылған сөз айтылған жерде қалып келді. Әйтпесе, жылқы мен қазақ егіз ұғым, тамырлас, тағдырлас емес пе?! Жер жүзінде атты тұңғыш қолға үйретіп, өркениет бастауында тұрған ел екенбіз, сол қасиетті малдың бүгінгі тағдыры қандай? Жылқының небір асыл тұқымдарын өсіріп, оны пайдалануда мемлекетіміз жүйелі істі қолға алды ма? Қазақстанда жылқы институты бар ма? Қостанайдағы «Қазақ тұлпарының» бүгінгі жай-күйі неге төмен? Арғымақтарды тек бәйге-бизнеске айналдырғанға ғана мәзбіз бе? Қаттырақ айтсақ, қазіргі қалың қазақтың ауы ат искемей барады. Ел-жұрт, ағайын ат мәдениетін игерудің орнына, оны сойып, соғымға құнығып кеттік...

Ал енді Алматының алмасы ше? Көзіміз көрді, дәмін таттық. Исі қандай еді! Бүткіл зор бір қаланың атына ие болып тұр. Сол апорт қазір бар ма? «Қызғалдақтар, сарғалдақтар» деп ән салатын қазақ едік. Хош исіне қанбай, сұлу сымбатына балбырап, талай терген табиғат сыйының тағырына неге немқұрайлымыз. Алма мен қызғалдақтың ежелгі отаны өз жауhарларын қандай тағлым алды? Байқадыңыздар ма, Елбасының мақаласы жүректі тербейді, ойға жетелейді, ойдан ой туғызады.

Ал енді «Аң стилі» ұлтымыздың жан дүниесіне қозғау салатын, айрықша ықыласын оятар құндылық. Біле-білсек, бұл біз әлі қанбаған, әлі тереңіне бойламаған қазына. Бұл алдағы уақытта ерекше ықылас оятар, тағлым алар өзіндік әлем.

Бұл мақала әлі түрен дұрыс түспеген төл кино мен телевизиядағы ұлан-ғайыр кеңістікті игеруге, төрткіл дүниеге қазақ елінің барша айбарлы болмысын паш етуге мұрындық болып отыр.

Бұл мақала әлем архивтерінде жатқан алтын көмбемізді жарыққа шығаруға, ұлы даланың ұлы есімдерін, түркі әлеміндегі еңсесі биік ел екенімізді тереңнен тануға, ұлы даланың ежелгі өнері мен технологияларын қайта жаңғыртуға, яғни тарихи санамызды қайта түлетуге үлкен серпін береді, ағайын!

Бұл мақала бәріміз үшін біз осы қандай жұртпыз, қандай елміз, әлемдік өркениет көшіндегі орнымыз бен әуелетіміз қандай деген сауалдарға жауап іздеп, осы бағытта тер төге еңбек етуді меңзейді.

БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Көштің басын Торғайға бұрды

Әлібек ЫБЫРАЙ

Жанкелдин ауданында жоғары білімді дәрігерлер жетіспейді. Шалғай өңірде бұл мәселе өзге облыстардан көшіп келушілер мен аудан әкімінің гранты арқылы оқып жатқан жас мамандармен толықтыру арқылы шешімін таппақ.

Бұл туралы өңірдің экономикалық-әлеуметтік даму қорытындыларына арналған брифингте Жанкелдин ауданының әкімі Шота Оспанов мәлімдеді.

Жалпы, ауданда бір орталық аурухана, екі ФАП, он жеті дәрігерлік пункт тұрғындарға қызмет көрсетеді. Оларда барлығы 14 дәрігер, 114 орта буынды медицина мамандары еңбек етеді.

– Ауданымызда дәрігер мамандармен қамтамасыз ету көрсеткіші 76%-ке тең. Өңірге ең қажетті мамандар – акушер-гинеколог, офтальмолог, невропатолог, инфекционист, фтизиатор тәрізді білікті мамандар жетіспейді. Бірақ, бұл мәселе көп ұзамай шешімін таппақ. Мәселен, үстіміздегі жылы сырттан екі тәжірибелі дәрігер жұмысқа орналасты. Сондай-ақ, аудан әкімінің гранты арқылы үш студент жоғары оқу орындарында оқып жатыр, – дейді аудан басшысы Шота Оспанов.

Айтпақшы, биыл Торғайға Алматы облысының Қарасай ауданынан бір отбасы (бес адам), Қызылорда облысының Іңкәр дария ауылынан бір отбасы (жеті адам) және Түркістан облысы, Бәйдібек ауданынан бір отбасы (төрт адам) көшіп келді. Олардың ішінде жоғары білімді, еңбекке жарамдылары тұрақты жұмыспен қамтылып, тұрғын үй берілген.

Аудан әкімінің айтуынша, бұл жұмыс келесі жылы да қолға алынатын болады. Өйткені, еліміздің оңтүстік облыстарында Торғайға қоныс аударуға ниет білдіріп отырған отбасылар бар көрінеді.

Ал, аудандағы «Сыма-К» шаруа қожалығы келер жылы Түркістан облысынан екі отбасыны көшіріп әкелуді жоспарлап отыр.

– Биыл Көлқамыста екі үйді пайдалануға бердік. Келесі жылы тағы екі үй саламыз. Оны сырттан көшіп келушілерге бермекпіз. Қазір істеймін деген адамға ауылда да жұмыс жетеді. Ал еңбеккерлерге лайықты жағдай жасау біздің міндетіміз. Қоғамның ең басты құндылығы – адам капиталына ерекше мән беруіміз қажет. Маңайымызға білікті мамандарды топтастыру арқылы біз ауылшаруашылығын дамытуға, ауылды көркейтуге жол ашамыз, – дейді «Сыма-К» шаруа қожалығының басшысы, облыстық мәслихаттың депутаты Манат Кәрбозов.

Үстіміздегі жылдың он айында Жанкелдин ауданында 114 тұрақты жаңа жұмыс орны ашылып, барлығы 403 адам еңбекпен қамтылған. Осылайша, шалғай өңірде жұмыссыздық деңгейі 1,9%-ке төмендепті.

Суретті түсірген Бердіболат КӨРКЕМБАЕВ.

Мазмұны терең ой-толғам

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласы – «Рухани жаңғыру бағдарламасының» жалғасы әрі қоғамдық тұтастық пен бірлікке бастау болатын тарихи сананы жаңғырту тұрғысындағы мазмұны мен мәні терең ой-толғам. Мақалада Президент Ұлы Даланың мақтаныш ете алатын жеті ерекше қырын атап өтеді. «Жеті» – бұл әлем халқының барлығына аса бір құрметті мағынаға ие рәміздік сипаттағы сан. Жаратушы дүниені жеті күн ішінде жаратты. Жеті күн – уақытты өлшеудің ең қарапайым әрі табиғатпен (күннің атуы мен батуы аралығындағы меже) үндескен көрінісі. Бүгінгі шартараптағы әрбір қоғамының көкірегі ояу, көңілі терең азаматтарының тілінің ұшында «Әлемнің жеті кереметі» деген тіркес қалыптасқаны белгілі. Ұлы Даланың ерекше жеті қырын тілге тиек ете отырып, Президент Қазақстанның тарихына терең ой салуды үндейді және оны ел-жұрттың рухани игілігіне практикалық тұрғыда айналдыру мақсатында ірі, маңызды жобаларды ұсынып отыр. Ол жобалар «Архив – 2025», «Ұлы Даланың ұлы есімдері», «Түркі әлемінің генезисі», «Ұлы Даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі», «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы», «Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі» деп аталады. Бұларды жүзеге асыру рухани саланың жаңа өрлеу сатысына жетелейтіні анық.

Қазақтың Ұлы Даласы және сол кеңістікті мекендеген ұлт пен ұлыстар дүниежүзінің материалдық hәм рухани мұрасына өшпес іздер қалдырды. Оның негізі түпқазығы көшпелі өркениет пен отыршылдық мәдениеттің тоғысында жасалды. Көшпелілер империясының әлем картасына елеулі өзгерістер енгізгені, материалдық мәдениет пен рухани мұралардың бай қазынасын қалдырғаны тарихта мәлім. Жылқы ұстау мен оны адам игілігіне пайдалану мәдениеті шеңберіндегі технологиялық жетістіктерді адамзат қоғамы сан-мыңдаған жылдар бойы қолданып келді, оны әртүрлі мазмұнда байыта білді. Ал түркілердің, соның ішінде қазақ халқында фольклорлық мұралардың, сонымен қатар музыкалық өнердің мол қазынасы сақталып бүгінгі заманға жетті.

Ұлы Даланың көп ғасырлық рухани hәм материалдық мұраларын заманауи технологиялар мен жаңа қалыптасып жатқан цифрлық өркениеттің сұранымына сай қайта жаңғырта білу, оны ел жұрттың пайдасына жарата түсу – еліміздің рухани және технологиялық тұрғыдан дамуына жаңа екпін қосатыны сөзсіз.

Алмасбек ӘБСАДЫҚ, филология ғылымдарының докторы, профессор, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің «Рухани жаңғыру» жобалық офисінің жетекшісі.

Нұрсұлтан Назарбаев:
ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ

1-бет

Біріншіден, қосқан үлестері кейінірек сөз болатын протомемлекеттік бірлестіктердің дені қазіргі Қазақстан аумағында құрылып, қазақ ұлты этногенезінің негізгі элементтерін құрап отыр.

Екіншіден, біз айтқалы отырған зор мәдени жетістіктер шоғыры даламызға сырттан келген жоқ, керісінше, көпшілігі осы кең-байтақ өлкеде пайда болып, содан кейін Батыс пен Шығысқа, Күнгей мен Теріскейге таралды.

Үшіншіден, кейінгі жылдары табылған тарихи жәдігерлер біздің бабаларымыздың өз заманындағы ең озық, ең үздік технологиялық жаңалықтарға тікелей қатысы бар екенін айғақтайды. Бұл жәдігерлер Ұлы даланың жаһандық тарихтағы орнына тың көзқараспен қарауға мүмкіндік береді.

Тіпті, қазақтың кейбір ру-тайпаларының атаулары "қазақ" этнонимінен талай ғасыр бұрын белгілі болған. Осының өзі біздің ұлттық тарихымыздың көкжиегі бұған дейін айтылып жүрген кезеңнен тым әріде жатқанын айғақтайды. Еуропацентристік көзқарас сақтар мен ғұндар және басқа да бүгінгі түркі халықтарының арғы бабалары саналатын этностық топтар біздің ұлтымыздың тарихи этногенезінің ажырамас бөлшегі болғаны туралы бұлтартпас фактілерді көруге мүмкіндік берген жоқ.

Сонымен бірге ұзақ уақыттан бері біздің жеріміздe өмір сүріп келе жатқан көптеген этностарға ортақ Қазақстан тарихы туралы сөз болып отырғанын атап өткеніміз жөн. Бұл – түрлі этностардың көптеген көрнекті тұлғалары өз үлестерін қосқан бүкіл халқымызға ортақ тарих.

Бүгінде төл тарихымызға оң көзқарас керек. Бірақ қандай да бір тарихи оқиғаны таңдамалы және конъюнктуралық тұрғыдан ғана сипаттаумен шектелуге болмайды. Ақ пен қара – бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар. Бұлар өзара бірлескенде жеке адамдардың да, тұтас халықтардың да өміріне қайталанбас реңк береді. Біздің тарихымызда қасіретті сәттер мен қайғылы оқиғалар, сұрапыл соғыстар мен қақтығыстар, әлеуметтік тұрғыдан қауіпті сынақтар мен саяси қуғын-сүргіндер аз болмады. Мұны ұмытуға хақымыз жоқ. Көпқырлы әрі ауқымды тарихымызды дұрыс түсініп, қабылдай білуіміз керек.

Біз басқа халықтардың рөлін төмендетіп, өзіміздің ұлылығымызды көрсетейін деп отырғанымыз жоқ. Ең бастысы, біз нақты ғылыми деректерге сүйене отырып, жаһандық тарихтағы өз рөлімізді байыппен әрі дұрыс пайымдауға тиіспіз.

Сонымен, Ұлы даланың жеті қырына тоқталайық.

I. ҰЛТ ТАРИХЫНДАҒЫ КЕҢІСТІК ПЕН УАҚЫТ

Біздің жеріміз материалдық мәдениеттің көптеген дүниелерінің пайда болған орны, бастау бұлағы десек, асыра айтқандық емес. Қазіргі қоғам өмірінің ажырамас бөлшегіне айналған көптеген бұйымдар кезінде біздің өлкемізде ойлап табылған. Ұлы даланы мекен еткен ежелгі адамдар талай техникалық жаңалықтар ойлап тауып, бұрын-соңды қолданылмаған жаңа құралдар жасаған. Бұларды адамзат баласы жер жүзінің әр түкпірінде әлі күнге дейін пайдаланып келеді. Көне жылнамалар бүгінгі қазақтардың арғы бабалары ұлан-ғайыр Еуразия құрлығындағы саяси және экономикалық тарихтың беталысын талай рет түбегейлі өзгерткені туралы сыр шертеді.

1. Атқа міну мәдениеті

Атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы жер жүзіне Ұлы даладан тарағаны тарихтан белгілі.

Еліміздің солтүстік өңіріндегі энеолит дәуіріне тиесілі "Ботай" қонысында жүргізілген қазба жұмыстары жылқының тұңғыш рет қазіргі Қазақстан аумағында қолға үйретілгенін дәлелдеді.

Жылқыны қолға үйрету арқылы біздің бабаларымыз өз дәуірінде адам айтқысыз үстемдікке ие болды. Ал жаһандық ауқымда алсақ, шаруашылық пен әскери саладағы теңдессіз революцияға жол ашты.

Жылқының қолға үйретілуі атқа міну мәдениетінің де негізін қалады. Бес қарын асынған салт атты сарбаз айбарлы көшпенділер империялары тарих сахнасына шыққан дәуірдің символына айналды.

Ту ұстаған салт атты жауынгердің бейнесі – батырлар заманының ең танымал эмблемасы, сонымен қатар, атты әскердің пайда болуына байланысты қалыптасқан көшпенділер әлемі "мәдени кодының" айрықша элементі.

Автокөлік қозғалтқыштарының қуаты әлі күнге дейін аттың күшімен өлшенеді. Бұл дәстүр – жер жүзінде салт аттылар үстемдік құрған ұлы дәуірге деген құрметтің белгісі.

Біз әлемнің барлық түкпіріне ежелгі қазақ жерінен тараған осынау ұлы технологиялық революцияның жемісін адамзат баласы XIX ғасырға дейін пайдаланып келгенін ұмытпауға тиіспіз.

Қазіргі киім үлгісінің базалық компоненттері Дала өркениетінің ерте кезеңінен тамыр тартады. Атқа міну мәдениеті салт атты жауынгердің ықшам киім үлгісін дүниеге әкелді. Ат үстінде жүргенде ыңғайлы болуы үшін бабаларымыз алғаш рет киімді үстіңгі және астыңғы деп екіге бөлді. Осылайша кәдімгі шалбардың алғашқы нұсқасы пайда болды.

Бұл салт атты адамдардың ат құлағында ойнауына, ұрыс кезінде еркін қимылдауына мүмкіндік берді. Дала тұрғындары теріден, киізден, кендір мен жүннен, кенептен шалбар тікті. Содан бері мыңдаған жыл өтсе де, киімнің осы түрі өзгере қоймады. Қазба жұмыстары кезінде табылған көне шалбарлардың қазіргі шалбардан еш айырмасы жоқ.

Сонымен қатар бүгінгі етіктердің барлық түрі көшпенділер атқа мінгенде киген жұмсақ өкшелі саптама етіктің "мұрагерлері" екені белгілі.

Ат үстінде жүрген көшпенділер тақымына басқан сәйгүлігіне неғұрлым еркін мініп жүруі үшін биік ер-тұрман мен үзеңгіні ойлап тапты. Бұл жаңалық салт атты адамның ат үстінде қаққан қазықтай мығым отыруына, сонымен бірге шауып бара жатып, қолындағы қаруын еш қиындықсыз және неғұрлым тиімді қолдануына мүмкіндік берді.

Бабаларымыз шапқан аттың үстінен садақ тартуды барынша жетілдірді. Соған байланысты қарудың құрылымы да өзгеріп, күрделі, ыңғайлы әрі қуатты бола түсті. Масағына қауырсын тағылып, металмен ұшталған жебе берен сауытты тесіп өтетін көбебұзарға айналды.

Қазақстан аумағында өмір сүрген түркі тайпалары ойлап тапқан тағы бір технологиялық жаңалық – қылыш. Оның оқтай түзу немесе иілген жүзі – ерекше белгісі. Бұл қару ең маңызды әрі кең таралған соғыс құралына айналды.

Сарбаз бен оның мінген атын қорғауға арналған сауытты да алғаш рет біздің бабаларымыз жасаған. Еуразия көшпенділерінің айрықша маңызды әскери жаңалығына баланған мұздай темір құрсанған атты әскер осылайша пайда болды. Отты қару пайда болып, жаппай қолданысқа енгенге дейін атты әскердің дамуы біздің дәуірімізге дейінгі I мыңжылдық пен біздің дәуіріміздің I ғасыры арасында көшпенділердің ұзақ уақыт бойы бұрын-соңды болмаған жауынгерлік үстемдік орнатуын қамтамасыз еткен жасақтың ерекше түрі – айбарлы атты әскердің қалыптасуына ықпал етті.

2. Ұлы даладағы ежелгі металлургия

Металл өндірудің амал-тәсілдерін табу тарихтың жаңа кезеңіне жол ашып, адамзат дамуының барысын түбегейлі өзгертті. Сан алуан металл кендеріне бай қазақ жері – металлургия пайда болған алғашқы орталықтардың бірі. Ежелгі заманда-ақ Қазақстанның Орталық, Солтүстік және Шығыс аймақтарында тау-кен өндірісінің ошақтары пайда болып, қола, мыс, мырыш, темір, күміс пен алтын қорытпалары алына бастады.

Ата-бабаларымыз жаңа, неғұрлым берік металдар өндіру ісін дамытып, олардың жедел технологиялық ілгерілеуіне жол ашты. Қазба жұмыстары барысында табылған металл қорытатын пештер мен қолдан жасалған әшекей бұйымдары, ежелгі дәуірдің тұрмыстық заттары мен қаружарақтары бұл туралы тереңнен сыр шертеді. Осының бәрі ежелгі замандарда біздің жеріміздегі дала өркениеті технологиялық тұрғыдан қаншалықты қарқынды дамығанын көрсетеді.

3. Аң стилі

Біздің ата-бабаларымыз қоршаған ортамен етене өмір сүріп, өздерін табиғаттың ажырамас бөлшегі санаған. Бұл басты тұрмыс қағидаты Ұлы даланы мекендеген халықтардың дүниетанымы мен құндылықтарын қалыптастырды. Өз жазуы мен мифологиясы бар Қазақстанның ежелгі тұрғындарының озық мәдениеті болды.

Олардың мұрасының жарқын көрінісі, көркем болмысы мен рухани байлығының айшықты белгісі – "аң стилі" өнері. Жануарлар бейнесін тұрмыста пайдалану адам мен табиғаттың өзара байланысының символына баланып, көшпенділердің рухани бағдарын айқындап отырған.

Олар жыртқыштардың, негізінен мысық тұқымдас аңдардың суретін көбірек қолданған. Егемен Қазақстанның символдарының бірі – жергілікті жануарлар әлемінде сирек кездесетін тұрпаты текті қар барысы екені кездейсоқ емес.

Бұл ретте, аң стилі бабаларымыздың айрықша жоғары өндірістік тәжірибесі болғанын көрсетеді. Олар оюлап кескіндеуді, металмен жұмыс істеудің техникасын, соның ішінде, мыс пен қоладан балқымалар жасаудың және құймалар құюдың, жайма алтын дайындаудың күрделі әдістерін жақсы меңгерген.

Жалпы, "аң стилі" феномені әлемдік өнердегі биік белестердің бірі саналады.

4. Алтын адам

Біздің түп-тамырымызға жаңаша көзқараспен қарауға жол ашып, әлемдік ғылым үшін сенсация саналған жаңалық – 1969 жылы Қазақстанның Есік қорғанынан табылған, өнертанушы ғалымдар арасында "қазақстандық Тутанхамон" деген атқа ие болған "Алтын адам".

Бұл жауынгер талай тылсым құпияның бетін ашты. Біздің бабаларымыз әлі күнге дейін өзінің асқан көркемдігімен тамсандыратын аса жоғары деңгейдегі көркем дүниелер жасаған. Жауынгердің алтынмен апталған киімдері ежелгі шеберлердің алтын өңдеу техникасын жақсы меңгергенін аңғартады. Сонымен бірге бұл жаңалық Дала өркениетінің зор қуаты мен эстетикасын әйгілейтін бай мифологияны паш етті.

Дала халқы өз көсемдерін осылайша ұлықтап, оның мәртебесін күн секілді құдірет деңгейіне көтеріп асқақтатқан. Қорымдағы сән-салтанатты жасау-жабдықтар ежелгі бабаларымыздың зияткерлік дәстүрлерінен де мол хабар береді. Жауынгердің жанынан табылған күміс кеселердің бірінде ойып жазылған таңбалар бар. Бұл – Орталық Азия аумағынан бұрын-соңды табылған жазу атаулының ішіндегі ең көнесі.

5. Түркі әлемінің бесігі

Қазақтардың және Еуразияның басқа да халықтарының тарихында Алтайдың алар орны ерекше. Осынау асқар таулар ғасырлар бойы Қазақстан жерінің тәжі ғана емес, күллі түркі әлемінің бесігі саналды. Дәл осы өңірде біздің дәуіріміздің I мыңжылдығының орта шенінде Түркі дүниесі пайда болып, Ұлы дала төсінде жаңа кезең басталды.

Тарих пен география түркі мемлекеттері мен ұлы көшпенділер империялары сабақтастығының айрықша моделін қалыптастырды. Бұл мемлекеттер ұзақ уақыт бойы бірін-бірі алмастырып, орта ғасырдағы Қазақстанның экономикалық, саяси және мәдени өмірінде өзінің өшпес ізін қалдырды.

Орасан зор кеңістікті игере білген түркілер ұлан-ғайыр далада көшпелі және отырықшы өркениеттің өзіндік өрнегін қалыптастырып, өнер мен ғылымның және әлемдік сауданың орталығына айналған ортағасырлық қалалардың гүлденуіне жол ашты. Мәселен, орта ғасырдағы Отырар қаласы әлемдік өркениеттің ұлы ойшылдарының бірі – Әбу Насыр Әл-Фарабиді дүниеге әкелсе, түркі халықтарының рухани көшбасшыларының бірі Қожа Ахмет Ясауи Түркістан қаласында өмір сүріп, ілім таратқан.

6. Ұлы Жібек жолы

Еліміздің географиялық тұрғыдан ұтымды, яғни Еуразия құрлығының кіндігінде орналасуы ежелден әртүрлі мемлекеттер мен өркениеттер арасында транзиттік "дәліздердің" пайда болуына септігін тигізді. Біздің дәуіріміздің бастап бұл құрлық жолдары Үлкен Еуразияның Шығысы мен Батысы, Солтүстігі мен Оңтүстігі арасындағы сауда және мәдениет саласындағы байланыстардың трансконтинентальды желісіне – Ұлы Жібек жолы жүйесіне айналды.

Бұл жол халықтар арасындағы жаһандық өзара тауар айналымы мен зияткерлік ынтымақтастықтың қалыптасып, дамуы үшін орнықты платформа болды.

Керуен жолдарын мінсіз ұйымдастырып, қауіпсіздігін қамтамасыз еткен Ұлы дала халқы ежелгі және орта ғасырлардағы аса маңызды сауда қатынасының басты дәнекері саналды. Дала белдеуі Қытай, Үнді, Парсы, Жерорта теңізі, Таяу Шығыс және славян өркениеттерін байланыстырды.

Алғаш пайда болған сәттен бастап, Ұлы Жібек жолы картасы, негізінен, Түрік империяларының аумағын қамтыды. Орталық Еуразияда түркілер үстемдік құрған кезеңде Ұлы Жібек жолы гүлдену шегіне жетіп, халықаралық ауқымда экономиканы өркендетуге және мәдениетті дамытуға септігін тигізді.

4-бет

Нұрсұлтан Назарбаев:
ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ

3-бет

7. Қазақстан – алма мен қызғалдақтың отаны

Асқақ Алатаудың баурайы алма мен қызғалдақтың "тарихи отаны" екені ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Қарапайым, бірақ бүкіл әлем үшін өзіндік мән-маңызы зор бұл өсімдіктер осы жерде бүр жарып, жер жүзіне таралған. Қазақстан қазір де әлемдегі алма атаулының арғы атасы – Сиверс алмасының отаны саналады. Дәл осы тұқым ең көп таралған жемісті әлемге тарту етті. Бәріміз білетін алма – біздегі алманың генетикалық бір түрі. Ол Қазақстан аумағындағы Іле Алатауы баурайынан Ұлы Жібек жолының көне бағыты арқылы алғашқыда Жерорта теңізіне, кейіннен бүкіл әлемге таралған. Осы танымал жемістің терең тарихының символы ретінде еліміздің оңтүстігіндегі ең әсем қалалардың бірі Алматы деп аталды.

Қазақстан аумағындағы Шу, Іле тауларының етегінен әлі күнге дейін жергілікті өсімдіктер әлемінің жауhары саналатын Регель қызғалдақтарын бастапқы күйінде кездестіруге болады. Бұл әсем өсімдіктер біздің жерімізде Тянь-Шань тауларының етегі мен шөлейт даланың түйісер тұсында пайда болған. Қазақ топырағындағы осынау қарапайым, сондай-ақ ерекше гүлдер өз әдемілігімен көптеген халықтың жүрегін жаулап, біртіндеп бүкіл әлемге тарады.

Бүгінде жер жүзінде қызғалдақтың 3 мыңнан астам түрі бар, олардың басым көпшілігі – біздің дала қызғалдағының "ұрпағы". Қазір Қазақстанда қызғалдақтың 35 түрі өседі.

***

II. ТАРИХИ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУ

Көтерілген мәселелер жан-жақты ой елегінен өткізіп, терең зерделеуді талап етеді. Сондай-ақ біздің дүниетанымымыздың, халқымыздың өткені мен бүгінінің және болашағының іргелі негіздеріне тікелей қатысты.

Бұл жұмысты бірнеше ірі жобалар арқылы бастауға болады деп ойлаймын.

1. Архив - 2025

Тәуелсіздік жылдарында халқымыздың өткенін зерттеуге қатысты ауқымды жұмыстар атқарылды. Еліміздің тарихи жылнамасындағы ақтаңдақтарды қайта қалпына келтіруге жол ашқан "Мәдени мұра" бағдарламасы табысты іске асырылды. Бірақ, бабаларымыздың өмірі мен олардың ғажап өркениеті жөніндегі көптеген деректі құжаттар, әлі де болса, ғылыми айналымға түскен жоқ. Олар әлемнің бүкіл архивтерінде өз іздеушісі мен зерттеушісін күтіп жатыр.

Сондықтан ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі кезеңді қамтитын барлық отандық және шетелдік мұрағаттар дүниесіне елеулі іргелі зерттеулер жүргізу үшін **"Архив - 2025" жеті жылдық бағдарламасын** жасауымыз қажет деп санаймын.

Бұл жобаны жүзеге асыру барысында тарихшылардан, деректанушылар мен мәдениеттанушылардан құрылған арнайы топтардың отандық және шетелдік ірі архивтермен өзара жүйелі әрі ұзақ мерзімді ықпалдастықта болып, іздеу-зерттеу жұмыстарын жүргізуіне баса мән беру керек.

Қай жағынан болсын, бұл маңызды жұмыс мемлекет есебінен атқарылатын "академиялық туризмге" айналмауға тиіс. Архив деректерін тек жинақтап қана қоймай, барлық мүдделі зерттеушілер мен қалың жұртшылыққа қолжетімді болуы үшін оларды белсенді түрде цифрлық форматқа көшіру қажет.

Өз тарихына деген мақтаныш сезімін ұялатып, отаншылдық тәрбие беру мектеп қабырғасынан басталуға тиіс. Сондықтан мектептер мен барлық өңірлердегі өлкетану музейлерінің жанынан тарихи-археологиялық қозғалыстар құру маңызды. Ұлт тарихын санаға сіңіру барша қазақстандықтардың бойында өз бастауларына деген ортақтық сезімін қалыптастырады.

2. Ұлы даланың ұлы есімдері

Көпшіліктің санасында тарихи үдерістер, негізінен, тұлғаландыру сипатына ие болатыны белгілі. Көптеген халықтар өз елінің ерекше елшісі сынды ұлы бабаларының есімдерін мақтан тұтады.

Мысалы, өткен дәуірлердегі Тутанхамон, Конфуций, Ескендір Зұлқарнайын, Шекспир, Гете, Пушкин және Джордж Вашингтон сияқты дүниежүзіне белгілі тұлғалар бүгінде "өз мемлекеттерінің" баға жетпес символдық капиталы саналады әрі сол елдердің халықаралық аренада тиімді ілгерілеуіне септігін тигізіп отыр.

Ұлы дала Әл-Фараби мен Ясауи, Күлтегін мен Бейбарыс, Әз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген ұлы тұлғалар шоғырын дүниеге әкелді.

Сондықтан біз біріншіден, атақты тарихи тұлғаларымыз бен олардың жетістіктерінің құрметіне ашық аспан астында ескерткіш-мүсіндер қойылатын **"Ұлы даланың ұлы есімдері" атты оқу-ағарту энциклопедиялық саябағын** ашуымыз керек.

Екіншіден, мақсатты мемлекеттік тапсырыс ұйымдастыру арқылы қазіргі әдебиеттегі, музыка мен театр саласындағы және бейнелеу өнеріндегі ұлы ойшылдар, ақындар және ел билеген тұлғалар бейнесінің маңызды галереясын жасауды қолға алу қажет.

Сондай-ақ бұл жерде классикалық қалыптан тыс, баламалы жастар өнерінің креативті әлеуетін де пайдаланудың мәні зор. Осыған орай, бұл іске тек отандық қана емес, сонымен бірге, шетелдік шеберлер мен шығармашылық ұжымдарды да тартқан жөн.

Үшіншіден, еліміздің тарихи кезеңдерін кеңінен қамти отырып, **"Ұлы Дала тұлғалары" атты ғылыми-көпшілік сериялар**ды шығарып, тарату жұмыстарын жүйелендіру және жандандыру қажет.

Бұл бағытта қазақстандық ғалымдармен қатар шетелдік мамандар да тартылатын халықаралық көпбейінді ұжым құруға болады. Нәтижесінде, біздің қаhармандарымыздың өмірі мен қызметі жөнінде тек еліміздегілер ғана емес, сондай-ақ шет елдегілер де білетін болады.

3. Түркі әлемінің генезисі

Қазақстан – күллі түркі халықтарының қасиетті "Қара шаңырағы". Бүгінгі қазақтың сайын даласынан әлемнің әр түкпіріне тараған түркі тектес тайпалар мен халықтар басқа елдер мен өңірлердің тарихи үдерістеріне елеулі үлес қосты.

Осыған байланысты, **"Түркі өркениеті: түп тамырынан қазіргі заманға дейін" атты жобаны** қолға алу қажет. Бұл жоба **аясында 2019 жылы Астанада Түркологтардың дүниежүзілік** конгресін және әртүрлі елдер музейлерінің экспозициясына ежелгі түркі жәдігерлері қойылатын **Түркі халықтарының мәдени күндерін** ұйымдастыру керек. Сондай-ақ, Википедияның үлгісінде Қазақстанның модераторлығымен Түркі халықтарына ортақ туындылардың бірыңғай онлайн кітапханасын ашу да маңызды.

Сонымен қатар жаңа облыс орталығы ретінде Түркістанды дамыту барысында оның халықаралық аренадағы беделін жүйелі түрде арттыру қажет.

Қазақстанның ежелгі астанасы халқымыздың рухани орталығы ғана емес, сондай-ақ, бүкіл түркі әлемі үшін киелі орын болып саналады.

4. Ұлы даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі

"Ұлы дала" атты ежелгі өнер және технологиялар музейін ашуға толық мүмкіндігіміз бар. Оған озық өнер мен технология үлгілерін – аң стилінде жасалған бұйымдарды, "Алтын адамның" жарақтарын, жылқыны қолға үйрету, металлургияны дамыту, қару-жарақ, сауыт-сайман дайындау үдерісін көрсететін заттарды және басқа да жәдігерлерді жинақтауға болады. Онда Қазақстан жерінен табылған құнды археологиялық ескерткіштер мен археологиялық кешендердің экспозициялары қойылады. Бұл заттар тарихи дәуірлердің қандай да бір кезеңіндегі әртүрлі шаруашылық салаларының даму үдерісін көрсетеді.

Сонымен қатар **"Ұлы даланың ұлы өркениеттері" атты жалпыұлттық тарихи реконструкциялар клубын** құрып, соның негізінде Астанада және Қазақстанның өзге де өңірлерінде ежелгі сақтар, ғұндар, ұлы түркі қағандарының дәуірі және басқа да тақырыптар бойынша фестивальдар өткізуге болады. Бұған қызығушылық білдірген адамдарды тарта отырып, осы тақырыптар аясындағы жұмыстарды бір мезгілде жүргізуге болады.

Ежелгі Отырар қаласының бірқатар нысандарын – үйлері мен көшелерін, қоғамдық орындарын, су құбырларын, қала қамалының қабырғалары мен тағы да басқа жерлерін ішінара қалпына келтіретін **туристік жоба** да қызықты болмақ.

Осының негізінде білімді дәріптеуге және туризмді дамытуға баса мән берілуі қажет.

5. Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы

Бұл жоба аясында бізге **"Дала фольклорының антологиясын"** жасау керек. Мұнда Ұлы дала мұрагерлерінің өткен мыңжылдықтағы халық ауыз әдебиетінің таңдаулы үлгілері – ертегілері, аңыз-әфсаналары, қиссалары мен эпостары жинақталады.

Сонымен қатар қазақтың қобыз, домбыра, сыбызғы, сазсырнай және басқа да дәстүрлі музыкалық аспаптарымен орындауға арналған маңызды туындылар топтамасын – **"Ұлы даланың көне сарындары" жинағын** басып шығару қажет.

Ұлы Даланың фольклоры мен әуендері заманауи цифрлық форматта "жаңа тыныс" алуға тиіс. Бұл жобаларды жүзеге асыру үшін көшпенділердің бай мұрасын жүйелеуге қабілетті ғана емес, сондай-ақ оның өзектілігін арттыра алатын отандық және шетелдік кәсіби мамандарды тарту маңызды.

Біздің мәдениетіміздің негізгі сюжеттерінде, кейіпкерлері мен сарындарында шекара болмайды, сол себепті оны жүйелі зерттеп, бүкіл Орталық Еуразия кеңістігі мен барша әлемде дәріптеуге тиіспіз.

Ауызша және музыкалық дәстүрді жаңғырту қазіргі заманғы аудиторияға жақын әрі түсінікті форматта болуы керек.

Атап айтқанда, көнерген сөздер мен мәтіндерді суреттерімен қоса беруге, айқын видеоматериалдар формасында ұсынуға болады. Музыкалық дыбыстар мен әуендер табиғи аспаптармен ғана емес, олардың заманауи электронды нұсқалары арқылы да шығарылады.

Сонымен қатар фольклорлық дәстүрдің ортақ тарихи негіздерін іздеу үшін Қазақстанның түрлі өңірлері мен өзге елдерге **бірнеше іздеу-зерттеу экспедицияларын** ұйымдастыру қажет.

6. Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі

Қазіргі замандағы халықтардың тарихи таным-түйсігінде кино өнері ерекше орын алады. Жалпы халықтың санасында фильмдердегі жарқын кинообразбар іргелі ғылыми монографиялардағы деректі портреттерден гөрі маңыздырақ рөл атқарады.

Сондықтан тез арада Қазақстанның өркениет тарихының үздіксіз дамуын көрсететін **деректі-қойылымдық фильмдердің, телевизиялық сериалдар мен толықметражды көркем картиналардың арнайы циклін** өндіріске енгізу керек.

Аталған жобалар кең халықаралық ынтымақтастық аясында отандық және шетелдік үздік сценаристерді, режиссерлерді, актерлерді, продюсерлерді және заманауи кино өндірісінің басқа да мамандарын тарту арқылы жүзеге асырылуға тиіс.

Қызықты әрі мелодрамалық сарындармен қатар, көрермендер үшін танымал фэнтези және шытырман оқиғалы блокбастерлердің элементтерін қоса отырып, жаңа тарихи теле-кино туындылардың жанрларын барынша кеңейту қажет.

Осы мақсатпен Ұлы даланың бай мифологиялық және фольклорлық материалдарын пайдалануға болады.

Ұлт қаhармандарын үлгі тұту үрдісін қалыптастыруға жол ашатын сапалы балалар фильмдері мен мультипликациялық сериалдарды аса қажет ететін өскелең ұрпақтың да талғамына ерекше назар аудару керек.

Біздің даңқты батырларымыз, ойшылдарымыз бен ел билеушілеріміз – тек Қазақстан ғана емес, сондай-ақ бүкіл әлем бойынша еліктеуге лайықты тұлғалар.

ҚОРЫТЫНДЫ

Осыдан бір жарым жыл бұрын менің "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" атты бағдарламалық мақалам жарыққа шықты.

Жоғарыда аталған жобаларды "Рухани жаңғыру" бағдарламасының жалғасы ретінде қарастырамын.

"Рухани жаңғыру" жалпыұлттық бағдарламасының жаңа компоненттері атабабаларымыздың көп ғасырлық мұрасының цифрлық өркениет жағдайында түсінікті әрі сұранысқа ие болуын қамтамасыз ете отырып, оны жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады деп сенемін. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз осы.

ҚОСТАНАЙ ЖӘНЕ ҚОСТАНАЙЛЫҚТАР

Бес бастаманың басымдықтары

Мемлекет басшысының наурыз айында жарияланған бес әлеуметтік бастамасының Қостанай қаласындағы орындалу барысы қалай? Ондағы міндеттер мен тапсырмаларды жүзеге асыруда қандай жұмыстар қолға алынды? «Қостанай және қостанайлықтар» айдары бұл жолы бастама басымдықтарына талдау жасамақ.

Қанша тұрғын үй салынды?

Елбасының әлеуметтік бастамаларының әлеуеті мен тиімділігін қала тұрғындары жан-жақты пайдаланып жатыр деуге толық негіз бар. Жалпы, Қостанай облысында тұрғын үй құрылысына ерекше назар аударылып отыр. Жыл басынан бері 17 пайыздық өсіммен 227,6 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген. «7-20-25» бағдарламасының шеңберінде 58 өтінім қарауға келіп түсті. Олардың ішінде 45 өтінім мақұлданды. Елбасының тікелей тапсырмасы негізінде бастапқы жарналарды жеңілдетілуді субсидиялау үшін «Тобыл» ӘКК тиісті қаражаттың бәрін бөлді. Бұл дегеніңіз жергілікті бюджеттен 83,7 млн теңге қарастырылған. Бұған қоса өңірде 2 мың студентке арналған 5 жатақхана құрылысы жоспарланған.

Жергілікті атқарушы орган «7-20-25» ипотекалық тұрғын үй несиелеу бағдарламасы бойынша екінші деңгейдегі банк арқылы келесі нысандар бойынша пәтерлердің сатылуы басталғаны туралы хабарлады:

Екінші деңгейдегі банктерге жолдама алу үшін Қостанай қаласы, Пушкин көшесі 100, № 2 мекенжай бойынша орналасқан «Қостанай қаласы әкімдігінің тұрғын үй қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесіне («HALYKBANK» АҚ, «Банк Центр Кредит» АҚ, «Fortebank» АҚ, «АТФ банк» АҚ, «Цесна банк» АҚ) келу қажет.

Анықтама үшін телефондар: 87142-57-57-71, 39-11-62

Қостанай қ., «Әуежай» шағын ауданы, 9 қабатты үйді салу, Қостанай қ., 46-1 позициясы (сыртқы инженерлік желісіз)», нысанның коды 1100, Қостанай қ., «Әуежай» ш.а., 19 үй. Тұрғын үй саны – 21 пәтер	Қостанай қ., «Әуежай» шағын ауданы, 9 қабатты үйді салу, Қостанай қ., 41-1 позициясы (сыртқы инженерлік желісіз)», нысанның коды 1096, Қостанай қ., «Әуежай» ш.а., 18 үй. Тұрғын үй саны – 9 пәтер
Қостанай қ., «Юбилейный» ш.а., 5 қабатты тұрғын үй (сыртқы инженерлік желісіз) 1 нысанның коды 1187, Қостанай қ., Юбилейный» ш.а., 26 үй. Тұрғын жай саны – 23 пәтер	Нысан: Қостанай қ., «Әуежай» шағын ауданы, 9 қабатты үйді салу, Қостанай қ., 42 позициясы (сыртқы инженерлік желісіз)», нысанның коды 1097, Қостанай қ., «Әуежай» ш.а., 20 үй. Тұрғын үй саны – 46 пәтер

Шағын бизнес – даму тетігі

Қостанайда шағын несие беруді кеңейту үшін 4,1 млрд теңге қарастырылған. Қазірге дейін сомасы 2,8 млрд теңге тұратын 772 шағын несие мақұлданды. Айта кетейік, Қостанай облысы «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде ауыл шаруашылығын цифрландыру бойынша «Пилоттық жоба» ретінде белгіленген болатын. Бұл бағдарлама шағын және орта бизнес өкілдерін бәсекеге қабілетті ету үшін зор мүмкіндік береді. Бүгінде «Ақылды сүт фермасы», ет фермалары, нүктелі егін шаруашылығы жүйелері жақсы дамыған. Қала кәсіпкерлері әлеуметтік маңызы бар тауарларды шығаруда жемісті еңбек етіп келеді. Тиісінше, тауар бағаларын бақылау да басты назарда. Азық-түлік қауіпсіздігі және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдеріне бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу – қала әкімдігінің міндеті. Қостанай қаласында негізгі азық-түлік тауарларына бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу үшін инфляция деңгейін ұстап тұру жөніндегі жұмыс жүргізілуде. Осыған байланысты облыстың әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығына әсер ететін жедел жағдайды мониторингілеу жөніндегі жұмыс тобы, қаланың көтерме және бөлшек сауда желілерінің базарларында және ірі супермаркеттерінде бағалары бақыланды.

Бүгінгі күні қаладағы бағаны реттеудің бір жолы – тұрақтандыру қорының қорларынан өнімдерді оқшаулау. Тұрақтандыру қорын пайдалану, баға деңгейінің жоғарылауы жағдайында комиссия шешімімен тауарлық араласу түрінде жүзеге асырылады. Тауарлық интервенциялар тұрақтандыру қорының өнімдерін әлеуметтік дүкендерде, сауда желілерінде, сондай-ақ ауылшаруашылық жәрмеңкелерінде өткізу арқылы жүргізіледі.

Осы жылдың қыркүйек айынан бастап негізгі азық-түлік тауарларына бағаның өсуін және халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуді болдырмау мақсатында ауылшаруашылық жәрмеңкелерін өткізуге жұмсалды, бұл әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыруға мүмкіндік береді.

Қала тұрғындарын хабардар етсек, ағымдағы жылдың 24 қарашасында сағат 09:00 Абай даңғылы, 34 мекенжайында орналасқан жабық павильонда («Емшан» сауда дүкені ауданы) облыстың қалалары мен аудандарының тауар өндірушілерінің қатысуымен ауыл шаруашылық жәрмеңкесі өтеді.

Жәрмеңкеде ет, сүт өнімдерін, жоғары және бірінші сортты ұн, шұжық өнімдері, балық, жарма және макарон өнімдері, тауық жұмыртқасы, қант, картоп, көкөністер, май, бал т.б. өнімдер сатылатын болады.

Көлік инфрақұрылымы

Қазіргі таңда қалада автокөлік құрастыру жұмысы қарқынды дамып келеді. Жыл басынан көлік құрастыру 15,7 пайызға дейін өсті. Автоөндірістің негізгі драйвері – «СарыарқаАвтоПром» ЖШС алаңында биыл 7772 автокөлік, 93 жүк көлігі, 76 автобус пен микроавтобус шығарылды. Ал «АгромашХолдинг» АҚ-да 225 комбайн пайдалануға берілді. Соған байланысты кәсіпорынның өнімділігі 2,1 есеге артып отыр.

Биыл өңірде автокөліктердің санын 10 мыңға жеткізу көзделуде. 2019 жылы өндіруші алаңда 25 мың автокөлік құрау туралы мақсат қойылған. Негізі үш жыл бұрын бар болғаны 2,5 мың автокөлік шыққанды. ҚХР-дан биыл Қазақстан нарығына «SMC» ірі компаниясының енуіне байланысты 1,2 млрд АҚШ долларлық (негізгі пакеті «Группа Компаний Аллюр» АҚ-қа) инвестиция күтілуде. 2023 жылға дейін осылайша, жыл сайын шығарылатын автокөліктердің санын 60 мыңға жеткізу жоспарланған.

Жалпы, көлік инфрақұрылымын дамытуға 36,7 млрд теңге бөлінді, бұл өткен жылмен салыстырғанда 27,6%-ға артты. Нәтижесінде, 18,4 шақырымды қайта қалпына келтіруге мүмкіндік берді. 26,4 шақырым жолға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілсе, тағы 441 шақырым жол орташа қалыпта жөнделді.

Жолдардағы жөндеу жұмыстарында пайдаланылатын жаңа технологиялар арасында аймақтағы суық рециркуляция әдісі дәлелденген.

Бұдан басқа, жалпы сомасы 8 млрд теңге болатын Қостанай қаласы әуежайының ұшу-қону жолағын қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде. Бұл бағдарлар мен рейстер санын, жолаушылар қозғалысын, кіріс және шығыс туризмін арттырады.

Сонымен қатар, биыл 35 ойын алаңы, гимнастикалық кешендер және ашық жаттығу машиналары пайдалануға беріледі. 21 шағын футбол алаңы салынса, 600 млн теңгеге 15 хоккей корты орнатылды. 2019 жылы аулалық аулаларды салу үшін 1,6 млрд теңге бөлінеді.

Суреттерді түсірген Бердіболат КӨРКЕМБАЕВ.

«Қостанай және қостанайлықтар» айдарын Қасқырбай ҚОЙШЫМАНОВ жүргізеді.

ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

"Ақылды" өмірге ұмтылыс

Қуаныш ЕСҚАБЫЛ

Цифрландыру – экономика дамуына тың серпін беретін негізгі құралдардың бірі. Бүгінде ол барлық саланы біртіндеп қамтып келеді. Мысалға, Рудный қаласында ауқымы кең ақылды кеніш, ақылды құс фабрикасы жобаларынан бөлек медицина, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығында да "Цифрлық Қазақстан" бағдарламасы бойынша алға жылжу байқалады.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев халыққа арнаған Жолдауында емханалар мен ауруханалар цифрлық нұсқада қызмет көрсетуге көшуі тиіс деп қадап айтты. Межеленген маңызды міндетті жүзеге асыру мақсатында кеншілер қаласындағы №1 емханада электронды кезек жүйесі іске қосылған болатын. Нәтижесінде жергілікті дәрігерлер қағазбастылықтан арылып, медициналық қызмет сапасы еселеп артты. Бүгінде дәрігерлерге қаралуға барған тұрғындар бұрынғыдай ұзын-сонар кезек күтпейді. Тек бар болғаны терминалдан талон алады. Сөйтіп қас-қағым сәтте ақ халаттылардың кабинетіне кіру мүмкіндігіне қол жеткізеді.

Бұдан бөлек жыл басынан бері тұрғындарға ақпараттық және электронды көмек көрсету мақсатында "ДамуМед" медициналық ақпараттық жүйесінің мобильді қосымшасы енгізілді. Қазір кез келген адамның қолында смартфон бары баршамызға белгілі. Осы смартфон арқылы емханаға бармай-ақ, дәрігер қабылдауына жазылуға мүмкіндік барын бірі білсе, бірі білмейді.

– "Даму Мед" медициналық қосымшасында "Дәрігерге жазылу" және "Дәрігерді шақырту" деген екі бөлім бар. Әрбір тұрғын қосымшаны өзінің смартфонына жүктеп алуы тиіс. Қосымшаға кіріп, ЖСН нөмірін терген кезде қай емханаға тіркелгені көрініп тұрады. Дәрігердің қай уақытта қабылдайтыны, қай кезде бос екені, барлығы көрсетіледі. Олар бұрынғыдай емханаға барып, кезек күтпейді. Үйде немесе жұмыс орнында отырып-ақ алдын ала жазылып қояды. Сондай-ақ есепте тұрған науқастар, зейнеткерлер, мүгедек жандар дәрігерді үйіне шақырта алады. Бұған қоса диспансерлік есепте тұрмайтын, бірақ ота жасатқаннан кейін өздігінен жүріп-тұра алмайтын науқастар да дәрігердің көмегін үйінен ала алады, – дейді №1 емханаының бас дәрігері Күлжамал Қалиева.

Жас ана Айзат Ибрагимова қолданысқа енгізілген электрондық жүйені жетік меңгеріп алған. Нәзікжан жаңашылдықтың шексіз шарапатын сезінгенін айтады.

– Мен "Даму Мед" қосымшасының ең алғашқы пайдаланушыларының бірімін. Тиімділігі – өзімнің талдау қорытындыларын көре аламын. Дәрігердің қабылдауына үйде отырып-ақ жазыламын. Уақытым үнемделіп, бұрын кездескен ыңғайсыздықтардың барлығынан арылдым, – дейді ол.

Дамудың даңғыл жолына түскен шахардың денсаулық сақтау саласындағы тың бастамалар қарапайым халықтың қажетіне жарап жатқандығы қуантады.

Тұрғындардың өмір сүру сапасын, экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, қажетті инновациялық, энерготиімді инфрақұрылым құру мақсатында әзірленген "Смарт Сити" тұжырымдамасы биыл Рудныйда да көрініс таба бастады. Атап айтсақ, Ленин-Горняков көшелерінің қиылысындағы аллеяға орнатылған он шақты смарт-орындық осы күні жұртшылықтың талай қажетіне жарап отыр. Күн көзінен қуат алатын орындықтардан қалта телефоныңызды қуаттандырып алуға болады. Смарт орындықтардың әрқайсысында екі USB-порттан бар. Жаңашылдық, әсіресе, студенттердің қызығушылығын тудырып отыр.

– Біздің оқу орнымыздың жанында пайда болған "ақылды орындықтарға" сұраныс жоғары. Сабақтан шығып, серуендеген сәттері осы жерге келіп, тыныс алып қана қоймай, қалтафонды қуаттап алуға болатыны жастар үшін жағымды жаңалық болды. Енді басқа аллея-саябақтарда да осындай орындықтар орнатылып, тегін Wi-fi желісі іске қосылса, нұр үстіне нұр болар еді, – дейді Рудный политехникалық колледжінің студенті Сейтжан Орынқожаев.

"Ақылды қала" технологияларының басты артықшылығы – олардың адамдар мен қоршаған ортаға еш зияны жоқ. Смарт орындықтардың саны, билік өкілдерінің айтуынша, мұнымен шектеліп қалмайды. Алдағы уақытта басқа да көпшілік орындар біртіндеп осындай заманауи орындықтармен қамтамасыз етіледі.

– Жуырда жаяу жүргіншілерге арналған арнайы ақпараттық-ескертуші құрылғылар орнатуды жоспарлап отырмыз. Бұл рудныйлықтардың жолдағы қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Жаяу жүргінші сол аумаққа келгенде арнайы белгі беріліп, шам жанады. Осының нәтижесінде автожүргізуші жаяу жүргіншіні бірден байқайды. Жалпы жүйе күн батареялары арқылы жұмыс істейді, – дейді Рудный қаласының ТКШ бөлімінің басшысы Олжас Өмірзақов.

Бүгінде Рудный үшін "ақылды шам", "ақылды жарық" ұғымдары да жат емес. Мәселен, жақында Қашар көшесінде баламалы энергия көздерімен қоректенетін жарық шамдары пайда болды. Жобаны "Жастар" қоғамдық ұйымының белсенділері қала құраушы кәсіпорын "ССКӨБ" АҚ-мен бірлесіп жүзеге асырды. Шам солтүстік аймақтар үшін арнайы әзірленген және күн панелі мен жел генераторының арқасында күні бойы бойына қуат жинап, тәуліктің қараңғы уақытында жарық өздігімен жанады.

– Рудный үшін алғашқы "ақылды шамды" дәл осы жерде орнатуымыздың басты себебі – электр сымдарының қашықтау орналасуы. Инновациялық жобамыздың құны 600 мың теңгені құрайды. Шамның басты бөлшектерін тапсырыспен Санкт-Петербор қаласынан алдырдық. Бұл игі істің бастамасы ғана деген сенімдеміз, – дейді қоғамдық бірлестіктің белсендісі Геннадий Ипатов.

Зейнеткерлер компьютерді меңгеруде

Қымбат ДОСЖАНОВА

Қостанай қалалық ардагерлер кеңесі зейнеткерлердің комьютерлік сауаттылығын арттыруды қолға алды. Игі бастаманың арқасында ата-әжелеріміз компьютерлік технологияны пайдалану тәсілдерін меңгеруде. Бұл іс-шара "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде іске асып жатыр.

Ата буынның цифрлық сауаттылығын арттыру жұмыстары екінші жыл қатарынан жүргізіліп жатқан көрінеді. Былтыр мұндай курстар Қостанай әлеуметтік колледжінің базасында өтіпті. Еңбек ардагерлерінен құралған екі топты "ГрИн" азаматтық альянсы" ҚҚ-ның қолдауымен қостанайлық ерікті студенттер оқытқан. Зейнеткерлер М.Горький атындағы гимназияның информатика кабинетінде және қазіргі Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің мамандандырылған аудиториясында компьютерлік сауаттылық туралы білім алды. Оларға ҚМПУ-дың информатика кафедрасының оқытушылары А.Айтбаева, Г.Дәулетбаева және А.Цыганкова дәріс берген болатын.

Еңбекқор зейнеткерлердің тағы бір тобы жуырда компьютерлік курсты аяқтап, ерікті жастарға алғыстарын айтты. Қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ю.Харьяков курсты бітірушілерге сертификаттарды табыстады. ҚМПУ базасындағы компьютерлік сауаттылық курсы әлі де жалғасуда. Бүгінде зейнеткерлерге "Информатика" мамандығының студенттері – С.Байекенов, М.Сәтенов дәріс беруде.

СУРЕТТЕ: қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ю.Харьяковтың зейнеткер Ә.Жүсіповке сертификат табыстау сәті.

Көшпелі қабылдау Ұзынкөлге жетті

Қымбат ДОСЖАНОВА

Ұзынкөл ауданында "Нұр Отан" партиясының көшпелі қоғамдық қабылдауы өтті.

Қабылдау барысында аудан тұрғындары тегін медициналық тексеруден өтті. Іс-шарада ауыз су, жол, интернет және байланыс мәселелері көтерілді. Ауыл тұрғындарының сауалдарына "Нұр Отан" партиясының фракция мүшелері, облыс, аудандағы мемлекеттік мекемелер мен құқық қорғау органдарының басшылары, аудандық және облыстық мәслихат депутаттары, коммуналдық қызмет басшылары жауап беріп, кейбір мәселелер партияның жіті бақылауына алынатын болды.

– Ауылдық округ тұрғындарын көптен бері толғандырып жүрген маңызды мәселелерден хабардар болдық. Аудан халқының әлеуметтік-экономикалық жағдайы, мемлекеттік бағдарламалар бойынша түсіндіру жұмыстары, сонымен қатар азаматтардың өтініштерін шешудің сапасын арттыру және халықтың мәселелерін шешуге мемлекеттік органдардың назарын күшейту туралы нақты кеңестер берілді. Сонымен қатар, тұрғындарды арнайы медициналық тексеруден өткіздік. Себебі, ауданда дәрігерлер тапшы. Мұндай мүмкіндік жиі бола бермейтіні анық, – деді облыстық филиал төрағасының бірінші орынбасары Жаңабай Бисимбаев.

Аталмыш іс-шара "Нұр Отан" партиясының 20 жылдық мерейтойына арналған негізгі іс-шаралар жоспарына сәйкес ұйымдастырылған болатын.

Апталық телебағдарлама

қарашаның 26-нан желтоқсанның 2-не дейін

26 қараша, дүйсенбі

ҚАЗАҚСТАН

6.05 Senbilik tan. 7.00 Tansholpan. 10.00 Hit Qazaqstan. 10.55 Apta. 12.00 Т.х. "Жаным менің". 13.00 Aqparat. 13.15 Т.х. "Кешіккен бақыт". 14.25 Т.х. "Әйел тағдыры". 15.30 Shanyraq. 17.00 Aqparat. 17.15 Elden habar. 17.30 Көңіл толқыны. 18.05 Баланың көңілі. 18.45 "Кешіккен бақыт". 20.00 Aqparat. 20.55 Qareket. 21.50 Т.х. "Арманға 20 қадам". 22.50 "Әйел тағдыры". 23.50 Tungi studio. 0.30 Aqparat.

ХАБАР

6.00 Қалжың қоржыны. 7.00 Таңғы хабар. 9.10 Junior Eurovision Song Contest 2018. 11.30 Т.х. "Бәсеке". 12.00 Новости. 12.10 Біздің назарда. 12.30 Сана. 13.00 Жаңалықтар. 13.10 Т.с. "Практика". 15.00 Давайте говорить! 15.50 Тур де хабар. 16.20 Т.х. "Қыз жолы 2". 17.10 Д.ф. "С Востока на Запад: диалог во имя будущего". 18.00 Важно знать. 18.20 Көрімдік. 18.45 Т.х. "Шашу". 19.15 Т.х. "Бәрі". 20.00 Жаңалықтар. 20.30 Online. 21.00 Итоги дня. 21.30 Т.х. "Большая маленькая ложь". 22.30 Х.ф. "Возвращение в Бургундию". 0.15 Жаңалықтар.

ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

7.00 Тобыл таңы. 9.00 Apta-Aqparat. 10.05 Т.х. "Мәриям". 11.05 Дела житейские. 12.00 ТалантTime. 13.00 Arqa Aqparat. 13.15 Сарбаз. 13.30 Arqa Aqparat. 13.45 М.с. 14.00 Т.х. "Бәрі де анам жайлы". 15.10 Д.с. "Тұңғыш". 16.00 Т.х. "Туған елдің түтіні". 17.05 М.с. 17.35 Д.с. "Сіз білесіз бе?". 18.00 Arqa Aqparat. 18.20 Елбесік. 18.40 Arqa Aqparat. 19.00 Первая студия. 19.30 Т.х. "Қуанышым менің". 20.30 Arqa Aqparat. 21.10 Секундомер. 21.30 Arqa Aqparat. 22.00 Сазды сәлем. 23.05 "Мәриям". 0.00 Arqa Aqparat.

АСТАНА

6.00 Шәмші әндерінің кеші. 6.45 Т.х. "Гүнештің қыздары". 8.00 Біздің уақыт. 9.00 М.ф. "Маша и Медведь". 10.00 Т.х. "Абысындар". 11.40 Т.с. "Пилот международных авиалиний". 14.00 Жаңалықтар. 14.15 Избранное за неделю. 15.00 Х.ф. "Фатима и Зухра". 17.50 Т.с. "Зехра". 18.50 Т.х. "Жүрек сыры". 20.00 Жаңалықтар. 20.30 "20:30". 21.00 "Гүнештің қыздары". 22.00 "Абысындар". 23.50 От всего сердца. 1.20 Т.х. "Гүлдер шайқасы".

НТК

7.05 М.х. 7.30 Екі езу. 7.50 Жұлдыздар шеруі. 8.20 М.х. 8.35 Т.х. "Шыда, жүрек". 9.30 Т.с. "Патруль 4". 10.00 Битва экстрасенсов. 11.30 Х.ф. "Отель для собак". 13.40 Фэнтези "Смурфики 2". 15.30 "Шыда, жүрек". 16.20 М.х. 16.40 Байқа, балақай! 17.30 Т.х. "Бақытсыздар бағы". 19.00 Ревю. 19.55 "Патруль 4". 20.40 Битва экстрасенсов. 22.00 Однажды в России. 22.20 "Бақытсыздар бағы". 0.00 Х.ф. "Избави нас от лукавого". 2.00 Т.х. "Ольга".

7 АРНА

6.00 Қыздар арасында. 6.40 Т.х. "Элиф". 8.30 М.ф. "Астробой". 10.20 Концерт Е.Степаненко. 11.30 Х.ф. "Убежать, догнать, влюбиться". 13.20 Шап, шаншар. 14.20 Т.с. "Ата-ана. Бала-шаға". 15.00 Өз ойым. 16.45 Х.ф. "Рождение дракона". 18.50 "Элиф". 21.00 "Ата-ана. Бала-шаға". 21.40 Т.с. "Бессонница". 23.10 Т.с. "Жизнь и приключения Мишки Япончика". 0.30 Т.с. "Папаши".

31 АРНА

7.00 Информбюро. 8.00 Т.х. "Қыздың жолы жіңішке". 10.00 Х.ф. "Семейное ограбление".12.10 Готовим с Адель. 12.40 М.ф. "Вэлиант: Пернатый спецназ". 14.40 Ералаш. 15.00 Келіндер бәйгесі. 16.00 Т.х. "Жігіттер". 18.00 Ералаш. 18.30 Т.с. "Отель Элеон". 19.00 Т.с. "Ивановы-Ивановы". 20.00 Информбюро. 21.00 Х.ф. "Исходный код". 23.10 What`s Up? 0.10 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері.

АЛАУ

